

Тіркелген /ренталық/ төлемдерді алу тәртібін нақтылау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 11 ақпандағы N 1560 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 18 маусымдағы N 829 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2009.06.18 N 829 Жарлығымен.

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының негізінде және кәсіпорындардың пайдасы мен табысына салынатын салық мәселелерін реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. Былай деп белгіленсін:

- газ, мұнай, көмір және басқа да көмірсутектердің өндіретін, өңдейтін, тасымалдайтын және ұқсататын кәсіпорындар, аталған қызметті Қазақстан Республикасының Үкіметімен жасалған шарттарға сәйкес жүзеге асыратын шетел қатысатын кәсіпорындардан басқалары, өздерінің ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан тіркелген /ренталық/ төлемдердің төлеушілері болып табылады;

- тіркелген /ренталық/ төлемдердің ставкаларын Қазақстан Республикасының Үкіметі мұнай, газ, көмір және басқа да көмірсутектерін сатудан алынған табыстың процентіне шағып белгілейді;

- тіркелген /ренталық/ төлемдер бойынша бюджетке қаржы аудару тоқсандық соманың 1/3 мөлшерінде әр айдың 20-ында аванспен төленіп, әр тоқсан үшін нақты орындалу бойынша қайта есептеліп отырады.

2. Осы Жарлықтың Заң күші бар және ол жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі "Тіркелген /ренталық/ төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңын қабылданғанға дейін қолданылады.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті "Тіркелген /ренталық/ төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгертулер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеп, оны жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қарауына енгізсін. 4. Жарлық жарияланған сәттен бастап күшіне енеді. Қазақстан Республикасының Президенті Алматы. 1994 ж. 11 ақпан N 1560

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК